# COVID-19:

## МОБИЛЬДІ ТОПТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІҢІЗ ҚАЖЕТ




МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ | ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

# Мобильді топтың атқаратын функциясына не кіреді?

- жедел респираторлық инфекциялардың белгілері бар немесе алғашқы көмек кезінде коронавирустық инфекцияға күдікті деп танылған пациентке, сондай-ақ, COVID-19 инфекциясын жұқтырып, амбулаториялық бақылауда және үйде оқшауланған **ПАЦИЕНТТЕРГЕ ҮЙГЕ БАРУ**



- пациентте COVID-19 инфекциясына күдік болған кезде **ПТР-ТЕСТІЛЕУ ЖАСАУ**



- **ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРДІ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ** қажет болған жағдайда оларды ауруханадан тыс пневмония және созылмалы аурулары бар науқастарға жеткізу



- пациентті стационарға **ЕМДЕЛУГЕ ЖАТҚЫЗУ**





# Мобильді топтардың жұмысы туралы не білуіңіз қажет?

- Сіз егерде  емхананың қызмет көрсету аумағында тұратын болсаңыз, мобильді топты шақырту тіркеу орны немесе call-орталық арқылы жүргізіледі
- Сіз егерде емхананың қызмет көрсету аймағынан тыс жерде тұратын болсаңыз, онда 103 қызметіне қоңырау шалуыңыз қажет болады
- Мобильді топтың жұмыс жасау уақыты-таңғы 08.00-ден кешкі 20.00-ге дейін ғана
- Егер сізге 20.00-ден кейін үйге шақырту арқылы қызмет көрсету қажет болса, оларды емхана жанындағы жедел медициналық көмек (шақырудың 4 санаты бойынша) немесе жедел жәрдем (шақырудың 1-3 санаты бойынша) жүзеге асырады



2

# НАУҚАСТАРДЫ ШҰҒЫЛ АУРУХАНАҒА ЖАТҚЫЗУДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- ыстықты түсіретін препараттарға төзімді болып келетін дене қызуының 38 С және одан жоғары температурада 5 күн бойы көтерілуі
- Тыныс алу жиілігі>1 минутта 24 рет болғанда
- әдеттегі  тұрмыстық қимыл-қозғалыс уақытында, сөйлегенде демікпенің өршуі
- SpO2 төмендеуі <93%
- қауіп факторлары бар деп есептелетін адамдар - 60 жастан асқан, қант диабеті, артериялық гипертензия және т. б.  аурулары бар адамдар
- Тыныс алу жиілігі 1 минутта 20-24 рет орташа ауырлық күйде және SpO2  93-95% -ға төмендеуі кезінде, өкпенің зақымдануы көлемінің 25% -дан 50%ға дейінгі КТ1-2 көрсеткішінің болуы
- КТ3-КТ4 - өкпенің зақымдану көлемінің  50% көрсеткішінің болуы




COVID-19
ТЕГІН ПТР-ТЕСТІЛЕУДІ
КІМДЕР ЖАСАЙ АЛАДЫ
Qoldau24/7 | Call center 1406 | fms.kz

# ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ПТР-ТЕСТІЛЕУ ТЕГІН ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

- фильтр кабинетіне жүгінген кезде медициналық көрсеткіштер бойынша - **ЖРВИ және вирустық пневмония белгілері болған кезде**
- коронавирустық инфекциямен ауыратын науқастарды бақылау жөніндегі **мобильді топты шақыру кезінде**
- экспресс-тесттің оң нәтижесі болған жағдайда стационарға шұғыл емдеуге **жатқызу кезіндегі қажетті көмек**
- жоспарлы емдеуге **жатқызуға немесе ауруханаға дейінгі тексеруге бағытталған пациенттерге**
- **жүкті әйелдерге** 37 аптадан бастап босануға емдеуге жатқызу үшін
- **гемодиализдегі пациенттер үшін**